

Мерейтой – 60 жас

РУХАНИЯТ ТІРЕГІН ІЗДЕГЕН ҒАЛЫМ



Халқымыз даналыққа, ақылдың құдіретіне ежелден бас иген, сөздің қадірін білген, ойдың ұшқырлығын дәріптеген қауымдастық. Сондықтан әрбір сөздің түбірінде келелі ой саптауы, өмір тәжірибесінен туындайтын қисынның қиыстырылуы жатқанын ұлттың зияткерлік жолындағы азаматтары мен оның рухани тарихи санасы қалыптастырушы бөлігі жақсы байыптаған. Ұлтымыздың ілкі заманнан келе жатқан әлемді рухани игеруге деген ұмтылысы көрініс беріп отырған. Ұлт философиясы сан ғасырлар бойы қалыптасып, нағыз даналықтың қайнар көзіне айналғаны белгілі. Сондықтан қазіргі заманауи ел руханияты туралы сөз қозғағанда рухани мәдениетіміз бен тарихымызға назар аударатыныз анық. Міне осы әрекетті өзінің шығармашылығы мен ғылыми қызметіне құндылықтық бағдар еткен, жастарға өнеге боларлықтай азаматтығы бар, бірегей тұлға, замандас ғалым ініміз Нұрмұратов Серік Есентайұлы.

Серік Есентайұлы – елімізге белгілі ғалым-философ, философия ғылымдарының докторы, профессор, қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі, бұл күндері 60 жасқа толып отыр. Ол ғылымға зор үлес қосқан, әлі де одан сайын үдемелі үлес қоса беретін көрнекті абыз ғалым, есімі мақтанышпен айтылатын, өмірі өнегелі ұлағатты ғалым, парасатты азамат.

Өмір бойы өзінің әртүрлі қызметтерінде білім мен ғылымды өзара ұштастырып келе жатқан Серік Есентайұлы сонау Сыр бойындағы Қызылорда облысының Жалағаш қыстағында 1958 жылдың 5 қазанында педагогикалық салада жұмыс атақарған зиялы азаматтар отбасында дүниеге келген. Оның ата-аналары Нұрмұратов Есентай мен Нұрмағанбетова Зағипа өзінің саналы ғұмырларын ұстаздыққа, балаларды тәрбиелеуге арнаған еді. Елге сыйлы болған Есентай ағайымыз бен Зағипа апайымыз жас ұрпаққа өзінің білімдерін жеткізуден жалықпаған гибратты жандар

болатын. Ол кісілердің оқушыларға берген сапалы дәрістері нағыз білімді мұғалімдердің жас ұрпаққа арнаған шеберлікке толы тәлімдері еді және көп жылдық білім саласындағы кәсіби іскерліктерінің көріністері болды десе де болады.

Әрине, өткен ғасырдағы авторитарлы биліктің шексіз үстемдігі болған қоғамда тарихты нағыз объективті тұрғыдан жеткізе білу де, Ақиқатты шынайы түрде баяндау да оңай шаруа емес еді. Өйткені Кеңес Үкіметінің идеологиясы қоғамдық пәндерді таптық тұрғымен, марксизм-ленинизм теориясының қағидаттарымен, коммунистік тәртіптің ережесімен барынша шегендеп тастаған еді. Кез келген ұстаз өзінің шығармашылығында мемлекет анықтаған бағдарламадан шамалы ғана ауытқиса коммунистік тәртіптің қаһарына ұшырайтын. Заманның саяси және идеологиялық ахуалы сондай еді. Соның өзінде халқымыздың шынайы және нақты әдебиеті мен тарихын тәлім алушысына жеткізудің тиімді жолын тапқан аға ұрпағымыз қазіргі тәуелсіздік заманының келетініне, халқымыздың нағыз тарихын баяндайтын уақыттың туатынына сенгендей барынша адал еңбек етті, жас ұрпақтың санасына болашаққа деген сенімді ұялата білді деген жөн.

Әрине, әрбір заманның өзіндік ерекшелігі мен ауыртпашылықтары болатыны белгілі. Оны барынша рухани сабырлықпен қабылдап, қиындықты жеңе білу, жасампаздық идеясын жүзеге асыруға тырысу нағыз көрнекті тұлғалардың ісі мен әрекеті. Міне осы мағынада Серік Есентайұлы ата-анасының өмірлік философиясы мен гуманистік дүниетанымын өте жақсы бойына сіңіріп, қазақ даласындағы даналардың рухани әлемінен, тағылымдарынан сусындауға тырысқаны байқалады. Кейін студент болған шағында Серік Есентайұлы шығыстың көрнекті тұлғасы әл-Фарабидің адамға білім алумен бірге рухани тәрбиенің де маңыздылығы жоғары екендігін атап өткеніндігін терең ұғынады, есінді сақтап жүрді. Ата-анасы сияқты ол да өзін ғылым мен ұстаздық жолына барлық өмірін риясыздықпен арнауды толықтай ұйғарады.

Жалпы білім алу мен рухани тәрбиенің адамның өмірінде егіздің жұбындай болатыны туралы ежелден Батыс пен Шығыстың кемеңгер даналарының шығармашылығында кеңінен айтылып келгені белгілі. Тіпті ел руханиятының қалыптасуы мен дамуы дуралы сөз болғанда осы мәселелерді айналып өту мүмкін емес. Тек білімді ғана емес, сонымен қатар тәрбиелі, өркениетті ел ғана «Рухани жаңғыру» жолында болатындығы үлкен мінбелерден де айтылып та жатыр. Қазіргі таңда өткен ғасырдың екінші жартысында барынша адал қызмет атқарған аға ұрпақтың білікті де білімді шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірлерінде табысты қызмет атқаруда. Егер адамның еңбегін оның нәтижесімен бағалайтын болсақ, онда қазіргі тәуелсіздіктің іргесін нығайтып жатқан азаматтар осындай еңбекқор жандардан алған тәрбиеден сусындағанын ескергеніміз жөн.

Қазіргі тарихи кезең жаһандандудың жүйтікпен үдерістерінің өмірдің барлық саласын қамтыған кезеңі. Бірақ қоғамды берік ұстап тұратын ұлттық құндылықтарсыз бір рухани мықты халыққа айналмаймыз. Ұлтымыздың барлық рухани байлығын, салт-санасын, әдет-ғұрпын сақтауға, оны дамытуға үлес қосқан азаматтардың, тұлғалардың іс-әрекеттерін үнемі насихаттаудан жалықпауымыз керек. Өйткені, барынша интернет пен ұялы телефондарға жабысқан қазіргі жастарымыз кейде жақсы мен жаманды, асыл мен арзанды ажыратудан қалып барады. Нағыз өмір туралы білім адам мен адамның қатынасын және олардың өзара сыйластығын дәріптеуден басталады. Нағыз ұстаздың әрбір сөзі, жасаған ісінің барлығы кейінгі ұрпақ үшін тәрбиенің қайнар бұлағы. Осындай ерекше тағылымдық қасиеті бар, әлемді бір сүйем болса да жетілдіруге үлес қосқан жандарды ел руханиятының тірегі болған кісілер деуге болады. Осы қағидалы ұстанымдардың өзінің шығармашылығы арқау еткен Серік Есентайұлы ғылым жолында да үлкен табыстарға жетті.

Нұрмұратов Серік Есентайұлы өзінің көрнекті өмір жолында ғылымның бірнеше асуларын, биіктерін бағындырған ғалым. Атап айтқанда, қазіргі кезеңде философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Енді оның өмір жолына нақтырақ көз жіберсек. Қызылорда облысының Қармақшы ауданының Қармақшы совхозындағы №113 орта мектебін алтын медальмен 1975 жылы бітіріп, 1976 жылы Алматыдағы ең белгілі жоғары оқу орнына түседі. Сөйтіп, 1981 жылы осы С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінің философия бөлімшесін табысты бітіргеннен кейін С. Нұрмұратов өзінің шығармашылыққа толы еңбек өмірбаянын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында дәріс беруге және ғылыми зерттеулер жүргізуге толықтай арнайды. Өзінің шығармашылыққа толы еңбек жолын 1981-1985 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақтың химия-технология институтында қызмет етуден бастады, содан кейін 1985-

1988 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтындағы философия мамандығы бойынша күндізгі аспирантурада оқиды.

Аспирантураны аяқтаған соң 1988 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін алдымен Қазақстанның Ұлттық Ғылым Академиясының Философия институтында ғылыми қызметкер лауазымынан бастайды, содан кейін өзінің ресми мәртебесін өзгерткен ҚР БҒМ Ғылым Комитеті философия, саясаттану және дінтану институтында ғылыми зерттеулермен айналысады және қазіргі кезеңде 30 жылдай қызмет атқарған осы ғылыми мекемеде директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары деген лауазымға дейін қызметтерді атқарып келеді.

1989 жылы белгілі қазақстандық философ, дінтанушы Қатыршат Шапағатұлы Шүлембаевтың ғылыми жетекшілігімен «Қоғамдық пікірдің адамның дүниетанымының қалыптасуына әсері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Қоғамдық пікірдің елдің санасына әсері мол екендігі және әлеуметтік дүниені демократиялан-дырудағы белгілі бір фактор болатындығын диссертант дәлелді қорғап шығады. Серік Есентайұлының ғылым жолындағы алғашқы ұстазы, ғылыми жетекшісі философия ғылымдарының докторы, профессор Қатыр Шапағатұлы Педагогикалық жоғары білім беру саласында сапалы гуманитарлық білімнің негізін қалаумен айналысқаны белгілі. Көрнекті тұлға ретінде ол кісі өз заманында руханилықтың, адамгершіліктің озық үлгісін танытқан еді. Өзінің ерекше мейірімді жүзімен, даналыққа толы ақылды кеңестерімен адам өмірінің әртүрлі қалтарыстарынан туындайтын асулардан өтудің жолдарын өзінің шәкірттерімен, жас ұрпақпен біріге отырып іздейтін, табатын да еді. Талай қиналған адамдардың жүрегіне үміт отын жағып, барынша өмір деген кемеңнің үстінде оны сөндірмеуге ұмтылатын. Міне, осы қасиеттердің арқасында Қатыршат ағаның аты қазіргі уақытқа дейін талайлардың санасында ұмытылмайды, жадында құрметпен сақталады.

Өзінің өткенін қадірлемеген халық болашағына жол аша алмайды. Зиялылықтың үлгісін танытқан Қатыршат ағамыз ерен еңбегі тәрбие мен руханилықтың қайнар көзі еді. Ол кезде елімізде демократиялық принциптердің әлеуметте орнығып, енді-енді ғана белең ала бастаған кезеңі болатын. Сондықтан диссертация тақырыбы ғылыми орта үшін өзінің өзектілігімен, өміршеңдігімен танылды, еңбекте социализмнің көптеген кемшіліктері батыл түрде атап көрсетілді. Көптеген жылдар бойы догматикалық түрде түсіндіріліп келген философиялық ұғымдар мен түсініктерге автор тарапынан жаңаша көзқарастар айтылады. Сөйтіп, диссертациялық еңбекті отанымыздың сол кездегі орталығы Мәскеу қаласындағы бұрынғы КСРО-ның Ғылым саласындағы Жоғары аттестациялық комиссиясы оң бағалап, уақытылы бекітеді.

Серік Есентайұлы философия мамандығы бойынша аспирантурасын сәтті аяқтаған соң профессор Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиков басқарған Ұлтаралық қатынастар зерттеу орталығына жас маман ретінде қабылданады. Желтоқсан оқиғасынан кейін елімізде ұлт мәселесін жан-жақты ғылыми зерделеуге, қоғамдағы әртүрлі қайшылықтарға ерекше көңіл бөлінгені белгілі. Осы бағытта бірнеше ғылыми-зерттеу бағыттарын орындауға ат салысқан ғалым бірте-бірте рухани құндылықтардың терең мазмұнын қарастыруға толықтай бет бұрады. Сөйтіп, қазақстандағы гуманитарлық білімде алғашқылардың бірі болып аксиология саласының өрбуіне, орнығуына және жаңа қырынан дамуына өзінің үлесін қосады. Докторлық диссертацияның тақырыбы да осы күрделі тақырып – рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына арналған еді.

Нұрмұратов Серік Есентайұлы Институт докторантурасын уақытынан бұрын аяқтаған соң «Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы: әлеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта әлеуметтік философия мамандығы бойынша Институттың Диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациясын қорғайды. Аксиологиялық мәселелерді елімізде теориялық тұрғыда қазақ тілінде гуманитарлық салада жүйелі түрде алғашқылардың бірі болып көтерген ғалым ретінде С.Нұрмұратов кезінде ғылыми көпшілікке танылды. Құндылықтар тақырыбына арналған көптеген еңбектерде, диссертацияларда зерттеуші ғалымның шығармашылығының нәтижелеріне сілтемелер көбейгені байқалды. Ол рухани құндылықтардың адам руханилығының нағыз қайнар көзі екендігін сәтті дәйектеген еді. Жалпы қазақ руханиятының сан ғасырлық тарихындағы эволюция сы жайлы тұжырымдар осы мәселеге арналған еңбектерде жиі көріне бастайды.

ҚР ҰҒА Философия және саясаттану институтының ұзақ жылдар бойы директоры болған академик Әбдімәлік Нысанбаевтың ұсынысымен жас ғылым докторы 2000 жылдан бастап осы институттағы Қазақ философиясы тарихы бөлімін басқарады. Алдында бірнеше жылдар бойы

жазылып келген «Қазақ даласының ойшылдары» деген 5 томдық жинақтың жарық көруіне, соңғы 3 томының жазылуына өзінің қомақты үлесін қосады. Бұл көп томдық іргелі шығармада Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмед Иүгінеки, Қадырғали Жалайыри, Махамбет Өтемісұлы, Абай және Шәкәрім сияқты қазақ философтарының көзқарастары сараптаудан өткізіліп, олардағы шығыстық дүниетанымға тән құрылымдары алғашқы рет философиялық мағынада жүйеленеді.

Кейін Серік Есентайұлының ғылыми жетекшілігімен «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер» және «Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі» 5 томдық топтамасы ғылыми зерттеу жобалары орындалды. Бұл еңбектер халқымыздың сан ғасырлық руханиятының терең қатпарларындағы құнды дүниелерге философиялық зерделеулер жасаумен айналысқан іргелі шығармалар екені байқалды. Өйткені оқырмандар тарапынан, әсіре студенттер тұрғысынан үлкен сұранысқа айналған іргел жұмыстар болғаны белгілі.

Қазіргі кезеңде Нұрмұратов С.Е. өзінің 300 –ден аса мақалалары мен жеке монографияларын әртүрлі тілдерде елімізде және халықаралық деңгейде жариялады. Олардың ішінде дін мәселесіне, этностың саяси және мәдени өміріне, менталитетін анықтауға арналған шығармалары көптеп саналады. Әсіресе, қазақ этносының тарихтағы және қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-философиялық, психологиялық проблемаларын зерттеу нысанына айналдырған еңбекке «Ұлттық болмыс пен ұлттық сана» Алматы, 1996 жатады. Бұл шығармада ұлттың қалыптасуына негіз болатын әлеуметтік, рухани, саяси, психологиялық элементтердің жүйесі зерделенеді. Нұрмұратов Серік философия ғылымдарының докторлы ғылыми дәрежесін алу үшін 2000 жылы 22 желтоқсанда өзінің ғылыми жұмысын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының Философия және саясаттану институтында табысты қорғайды.

Нұрмұратовтың С.Е. негізгі философиялық еңбегі құндылықтар мәселесіне арналған, сондықтан – «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» (Алматы, 2000. 180 б.) деп аталады. Шығармашылығының өзегі – аксиологиялық мәселелер болғандықтан Нұрмұратов С.Е. құндылықтардың әр түрлі қырларын анықтауға тырысады. Құндылықтар адамдар үшін маңыздылықтарға ие болған құбылыстар ретінде қарастырылып, олар әлеуметтік практикада субъектаралық қатынастарды реттеуші мәнділік ретінде танылады. Автор тарихта қордаланған құндылықтар жүйесін тұжырымдау, халық діліндегі ерекшеліктерді бейнелеу – үлкен ғұлама ойшылдардың шығармашылық иегерлерінің еншісінде деген концепцияны ұстанады. Сондықтан «әрбір халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасын игеру арқылы тұлғалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейтуге болатындығы туралы» ойтұжырым отандасымыздың философиялық позициясының негізгі іргетасын құрап тұрғанын байқаймыз.

Ғалым бірнеше іргелі зерттеу кітаптарының авторларының қатарында. Мәселен, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 5 томның құрастырушысы және аудармашысы болды. «Мәшһүр Жүсіп Көпеевке» арналған «Ұлы дала тұлғалары сериясымен шыққан еңбектің авторларының бірі. Қазақ тіліндегі алғашқы «Философиялық энциклопедиялық сөздіктің» авторларының бірі. Ғалымның басшылығымен екі рет Философия және саясаттану салаларының терминдерінің сөздіктері жарық көрді. Оның философия мен саясаттану саласында ұсынған терминдерінің көбісін Терминком бекітіп, қазіргі кезеңде қолданысқа енген. Мәселен, ғалым «менталитет» деген ұғымның қазақша баламасы «діл» екенін айтқандардың қатарында. Сонымен қатар өткен жылдары қазақ философиясына қатысты автордың қатысуымен бірнеше оқу құралдары жарық көрді. Серік Нұрмұратов шетелдегі қазақ диаспорасының қазіргі кезеңдегі құндылықтарын зерттеу бойынша бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларына қатысып, үш ұжымдық жобаның жарық көруіне себепкер болды.

Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы ғылыми дәрежелерін алуға арналған өздерінің ғылыми диссертациялық жұмыстарын философия, саясаттану және дінтану салалары бойынша сәтті қорғап шықты және олар еліміздің жоғары оқу орындарында қызмет істеуде. Ол көптеген жылдар бойы Институттағы Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қызметін атқарды, қазіргі уақытта ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары. Жақсы ұйымдастырушы-ғалым ретінде Институттың қомақты табыстарға жетуі мен мен заманауи туындаған қиындықтарынан өтуіне өз үлесін қосып келе жатқаны белгілі.

Нұрмұратов С.Е. мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асуына белсене қатысып, алты томның құрастырушысы, төрт томның ғылыми редакторы, алты томның аудармашысы ретінде еңбек сіңірді. Сонымен қатар «Ғылыми қазына», «Халық тарих толқынында» деген мемлекеттік бағдарламаларында белсенді қатысып, қазіргі кезеңде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғыру» концептісін теориялық және практикалық түрде өрбітуге ат салысуда. Ғалым осы бағыттағы үлкен ғылым бағдарламасының саяси ғылымдарының докторы, профессор, Институт директоры, профессор Бижанов Ақан Құсайынұлымен бірге ғылыми жетекшілерінің бірі болып табылады.

Нұрмұратов Серік Есентайұлы отбасылы азамат. Әйелі – Жазира Кошманова Алматы қаласының №86 гимназиясында кітапханашы болып қызмет атқарады және қыздары Толғанай мен Айсұлу, ұлы Жандос Алматының мектеп сыныптарында тәрбиеленіп, дәріс алып жатыр. Олар заманауи мектеп сыныптарының озық оқушылары және жастарға үш тілді қатар үйрену жөніндегі ұстанымды басшылыққа ала отырып өсіп келе жатқан жас ұрпақ.

Қазіргі кезеңде ғалымның екі тетелес інісі және бір қарындасы әлеуметтің әр қилы салаларында табысты қызмет атқаруда. Мәселен, Нұрмұратов Берік тарих пәнінің мұғалімі болса, Нұрмұратов Болат темір жол саласының мекеме басшысы, ал Нұрмұратова Жанат мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін ұстаз. Олардың барлығы өз отбасыларын қазақ руханиятын өркендету бағдарында ұйытып отырғанын атап өтуге болады.

Серік Есентайұлы – жоғары мәдениетті, парасатты ойшыл, зиялы, өзінің айналасындағы адамдарға қамқоршы, жанжақты білімнің иегері, ізгі жан, қарапайым адам. Сондықтан ол өз әріптестері мен шәкірттерінің арасында шынайы бедел мен құрметке ие. Оның философиясы қазіргі тәуелсіз Қазақстан азаматына аса қажет деп ойлаймын. Философтың өнегелі өмірі қалың оқырманға бағдар, рухани азық болары айқын. Алдағы уақытта философ-ғалымның салмақты ой, мазмұнды идеялармен тұнып тұрған шығармашылығын шәкірттері тың серпінмен зерттейді.

*Рашидбек Әбсаттаров,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарын докторы, профессор*